

Татулық пен тұрақтылық белгісі

1 мамыр – үлттық бірлігіміздің күні, Қазақстандағы барлық халықтардың достығы мен келісім мереңесі. Халық бірлігі – толеранттылық пен мәдениетаралық қатынаска негізделген қуатты да берекелі мемлекеттің белгісі. Қазақстанда 130-дан астам үлт әкілдері тату төтті өмір сүріп жатыр. Елімізде қол жеткен табыстардың барлығы татулық пен келісімнің жемісі.

Бұл күні бір шаңырақтың астынан топтасқан барлық үлттық мәдени орталықтар ән айтып, би билеп, салт-дәстүр мен әдет-тұрыпқа толы түрлі көріністерді көрсетеді. Барлық мекемелерде дерлік концерт, мерекелік іс-шараалар өткізіледі.

1 мамыр мерекесі ТМД-ның көптеген елдерінде тойланады. Мереке-

деп атағанымен, атаулары бөлек. Армения, Беларусь және Қыргызстанда – Еңбек күні, Молдова мен Украина – Еңбекшілердің халықаралық ынтымактастығы күні, Ресей Федерациясында 1 мамыр – көктем мен еңбек мереңесі, ал, Тәжікстанда еңбекшілердің халықаралық ынтымактастығы күні ретінде тойланады.

1995 жылы 18 қазанда бұл күн Қазақстан Республикасында үлттаралық бірлік күні болып бекітілді. 1 мамырды Қазақстан халықының бірлігі күні деп жариялау туралы Кауылға қол қойылды.

Қазақстан халықының бірлігі күніне, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әскери кафедрасының құрылғанына 60 жыл толуына орай Шымкент

каласындағы жоғары оку орындары жаңындағы әскери кафедралар студенттерінің арасында әскери-қолданбалы спорт түрлерінен жарыс өтті.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» демекші, студенттер арасындағы жарысымыз үйымдастырылған турде өтті. Жарыс жүлдегерлері «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма тегерасы – ректоры атындағы кубоктармен марапатталды.

**Бауыржан БАЙҒУЛОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
КЕАК әскери кафедрасының
оқытушысы,
запасстагы майор.**